



20.05.2024 № 121

БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» ректоры
М.Рысбеков
2024 ж.


ЖАСТАР САЯСАТЫ БӨЛІМІ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚЕ 17-2024

Күні	Көшірме	Басылым
		Бесінші




Шымкент

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		КЕ 17-2024
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже		5-ші басылым 16 беттің 3 беті

20.05.2024 № 121

МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер	4
2. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
3. Жалпы ережелер	5
4. Ұйымдастырушылық құрылым	5
5. Негізгі мақсаттар мен міндеттер.....	7
6. Негізгі қызметтері	11
7. Қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері.....	12
8. Жауапкершілік	16
9. Құрылымдық бөлімшелермен өзара қатынас тәртібі.....	16
10. Библиография	16

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	ҚЕ 17-2024	
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	5-ші басылым 16 беттің 4 беті	

20.05.2024 № 121

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылғы 27 шілдеде бек., № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Заңы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: 2015 жылғы 18 қарашада бек., № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қарашада бек., №414- V ҚРЗ;
- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;
- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;
- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;
- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;
- СТ 011-2024. Персоналды басқару;
- СТ 012-2024. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- СТ 023-2024 Стандарты внутреннего обеспечения качества образовательной деятельности АО «ЮКМА».

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады.

«ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы»

Акционерлік қоғамы,

АЖО - Академияның жастар орталығы,

ЖОО - Жоғары оқу орны,

ЖСБ - Жастар саясаты бөлімі,


БХ - Баспасөз хатшысы,

ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі,

ҚР ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі,

ІСД - Ішкі саясат департаменті,

ІД - Ішкі істер департаменті,

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	ҚЕ 17-2024 5-ші басылым 16 беттің 5 беті

20.05.2024 № 121

ҰОС – Ұлы Отан соғысы,
 БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралдары,
 КТК - Көңілді тапқырлар клубы.

3 Жалпы ережелер

Жастар саясаты бөлімі (әрі қарай - ЖСБ) өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларды, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және ҚР Білім және Ғылым министрлігінің нормативтік ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарын, қоғам жарғысын, ішкі нормативтік құжаттарды, сонымен қатар бөлімнің осы ережесін басшылыққа алады.

ЖСБ «ОҚМА» АҚ-ның өз алдына бөлек құрылымдық бөлімі болып табылады. ЖСБ меңгерушісі, бөлім мамандары ректордың бұйрығымен ғылыми-педагогикалық немесе тәжірибелік қызметте кем дегенде 5 жыл жұмыс тәжірибесі немесе жоғары білімі бар, педагогикалық және студенттердің жастар қозғалысы бойынша екі жылдан кем емес еңбек өтілі бар ең білікті оқытушылар, қызметкерлер арасынан тағайындалады.

4 ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ


ЖСБ меңгерушісін «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамының (әрі қарай - «ОҚМА» АҚ») ректоры жұмысқа тағайындайды және босатады.

Бөлім меңгерушісі:

- ЖСБ қызметкерлерінің арасында қызметтік міндеттемелерді бөледі;
- Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер бойынша проректорға ЖСБ қызметкерлерін көтермелеу және жазалау шараларын қолдану жайында ұсыныс береді;
- Қызметінің нәтижесіне қарай марапатқа ұсынылады және Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер бойынша проректорға ұсынысы беру арқылы «ОҚМА» АҚ ректоры тарапынан жазаланады.

ЖСБ құрамына кіретіндер:

- меңгеруші;
- жастар саясаты бойынша жетекші маман;
- музыкалық жетекші;

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	ҚЕ 17-2024
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	5-ші басылым 16 беттің 6 беті

20.05.2024 № 121

- эстетикалық және әлеуметтік жұмыс бойынша маман
 - әлеуметтік жұмыстар бойынша бас маман;
 - әлеуметтік жұмыстар бойынша маман;
 - психолог маманы;
 - баспасөз хатшы маманы;
 - студенттерге қызмет көрсету орталығы.

Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі:


- Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер бойынша проректорға бөлімнің оқу жылына арналған жоспары мен бұрынғы жоспарға сәйкес жасалған жұмыстардың есептерін тапсырады;
- ЖСБ тапсырылған міндеттерді орындау мен өзінің өкілеттілігін жүзеге асыру үшін жауапты болады;
- өзінің қызметіне байланысты ЖСБ барлық мүдделерін ұстанады;
- өзінің өкілеттілігі шеңберінде құжаттарға қол және виза қояды;
- ЖСБ қызметкерлерінің арасында қызметтік міндеттемелерді бөледі;
- Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер бойынша проректорға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану жайында ұсыныс береді;
- Қызметінің нәтижесіне қарай марапатқа ұсынылады және бөлім меңгерушісінің ұсынысы бойынша «ОҚМА» АҚ ректоры тарапынан жазаланады.
 - Болашақ АЖО өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерін бекітеді .

Психолог маманы:

- психологиялық кеңес беру;
- білім алушыларға оқу, даму, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтаудағы, қоршаған ортамен өзара байланыстағы мәселелер бойынша кеңес беру;
- «ОҚМА» АҚ-ның қызметкерлеріне, ата-аналарға, білім алушыларға психология, педагогикалық ынтымақтастық бойынша кеңес беру;
- қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау, жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, стреске тұрақтылықты және психикалық тұрғыда қорғалуларын қамтамасыз ету;
- кризистік жағдайда жедел психологиялық көмек көрсету.

Баспасөз хатшы маманы:

- отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен баспасөз конференцияларын, брифингтерін, сұхбаттар мен кездесулерін ұйымдастыруға;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	ҚЕ 17-2024 5-ші басылым 16 беттің 7 беті

20.05.2024 № 121

- «ОҚМА» АҚ <https://skma.edu.kz/> ресми веб-сайтына жаңалықтар хабарларын, ақпараттық материалдарды әзірлеуге және редакциялап орналастыруға;
- шетелден келген қонақтардың қатысуымен өтетін кездесулер, конференцияларда кәсіби аудармамен қамтамасыз етуге.

Студенттерге қызмет көрсету орталығы:


- орталыққа тапсырылған міндеттерді орындау мен өзінің өкілеттілігін жүзеге асыру үшін жауапты болады;
- өзінің қызметіне байланысты орталықтың барлық мүдделерін ұстанады;
- өзінің өкілеттілігі шеңберінде құжаттарға қол және виза қояды;
- Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында және «ОҚМА» АҚ қарасты Медицина колледжінде оқитынын растайтын анықтамамен қамтамасыз ету;
- жатақханаға қатысты электронды құжат айналымына жауапты (Жатақханаға тұруға өтінімдер, Кіру және шығу бұйрықтарды тіркеу).

5 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

5.1 ЖСБ қызметінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты мен «ОҚМА» АҚ миссиясын жүзеге асыруда студенттік жастардың жемісті дамуы мен белсенділігінің артуына жағдай жасау болып табылады.

5.2 Қойылған мақсатқа қол жеткізуі үшін ЖСБ келесі міндеттерді орындауы тиіс:

- кездесулер, жиналыстар, конференциялар ұйымдастыру арқылы «ОҚМА» АҚ білім алушы жастардың санасында қазақстандық патриотизм, идеалдар, нормалар мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру;
- облыстық және республикалық журналдар мен газеттерде мақалалар мен очерктер жариялау арқылы студент жастар арасында ҚР азаматтарының халықтық бірлігін насихаттау;
- «ОҚМА» АҚ білім алатын жастардың әлеуметтік және мәдени проблемаларын шешуге бағытталған жоспарларды әзірлеп, жүзеге асыру;
- дөңгелек столдар, жиналыстар мен кездесулер ұйымдастыру арқылы жастар арасында республикада жасалып жатқан реформалар жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізу;


ONTÜSTİK-QAZAOSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	ҚЕ 17-2024 5-ші басылым 16 беттің 8 беті

20.05.2024 № 121

- дөңгелек столдар мен жиналыстар өткізу арқылы «ОҚМА» АҚ білім алатын жастардың бойында азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті дамыту ісінде белсенділік танытуды тәрбиелеу;
- спорттық ойындар, спартакиадалар, акциялар ұйымдастыру арқылы жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Республикалық және халықаралық жастар ұйымдарымен әріптестік қатынастар жасау;
- мәдени-кешенді және спорттық клубтар, секциялар мен үйірмелер құру арқылы «ОҚМА» АҚ білім алушы жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- Конкурстар, дебаттар, КТК ойындары және диспуттар ұйымдастыру арқылы студенттердің шығармашылық потенциалын дамыту;
- түрлі іс-шаралар (акциялар, жиналыстар, кездесулер мен дөңгелек столдар) мен бағдарламаларды жеке, сонымен бірге мемлекеттік органдармен бірге (ПД және ІСД) жүзеге асыру арқылы терроризм мен экстремизмге қарсы тұру үшін қоғамның табысты күштерімен бірігу;
- ПД мен ІСД өкілдерінің қатысуымен кураторлық сағаттар мен кездесулер өткізу арқылы «ОҚМА» АҚ мен облыс көлемінде терроризм мен экстремизмнің «қайнар көздерін» жою (қоғамдық санада өш алу психологиясының дұрыс еместігі туралы түсінік қалыптастыру);
- студенттердің қоғамдық толеранттығын көтеру және оларды маңызды әлеуметтік проблемаларды талқылауға тартып, дұрыс шешім қабылдауына әсер ету).

5.3 ЖСБ міндеттері:

- «ОҚМА» АҚ студенттерін патриоттық, рухани-адамгершілік тәрбиелеу бойынша кешенді іс-шараларды (жиналыстар, дөңгелек столдар, диспуттар, дискуссиялар, дебаттар, конкурстар, акциялар, митингілер) жүзеге асырады;
- «ОҚМА» АҚ медициналық және фармацевтика саласындағы кәсіпорындар мен мекемелермен, сондай-ақ басқа да Қазақстандық ЖОО байланыстарын орнатады;
- Қазақстан Республикасының жастар саясаты саласында мемлекеттік міндеттерді орындауға бағытталған облыстық және қалалық іс-шаралар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға атсалысады;
- бөлімнің міндетіне кіретін мемлекеттік, академиялық және қоғамдық, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындармен бірге жұмыс жасайды;


ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	ҚЕ 17-2024
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	5-ші басылым 16 беттің 9 беті

20.05.2024 № 121

- жастар саясаты бойынша мемлекеттік, облыстық, қалалық бағдарламаларды, академиялық мақсатты бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысады;
- жастар саясаты саласында факультеттер, кафедралар мен студенттердің қызметін үйлестіреді;
- студенттердің тұлға ретінде әлеуметтік, мәдени, рухани-адамгершілік және физикалық дамуына әсер ететін тәрбиелік, мәдени-кешенді, сауықтық және спорттық іс-шараларды (КТК, конкурстар, дебаттар, диспуттар, интеллектуалды ойындар, спартакиадалар) ұйымдастырып, жүзеге асырады;
- жастар мен «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларға қатысуына, (30 тамыз – ҚР Конституциясы күні, 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні, 16 желтоқсан - ҚР Тәуелсіздік күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні, 22 наурыз - Наурыз мейрамы, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр – Жеңіс күні), құқықтық және саяси мәдениеттің, белсенді азаматтық позицияның қалыптасуына әсер ететін, салауатты өмір салтын насихаттайтын, патриоттық, интернационалистік сезімді дамытатын, наркомания мен жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алуға әсер ететін іс-шараларды әзірлеп, жүзеге асыруға атсалысуына ықпал етеді (дөңгелек столдар, кездесулер, жиналыстар, акциялар және т.б.);
- жұмыс істеп тұрған және жаңадан құрылып жатқан дискуссиялық, информациялық, патриоттық, спорттық клубтар, ойын және секцияларды қолдау мен дамытуға жағдай жасайды;
- жас лидерлермен кездесу түріндегі мақсатты жұмыс жүргізеді, студенттік өзін өзі басқару органдарын қадағалайды;
- біріккен іс-шаралар (жиналыстар, акциялар) өткізудің көмегімен аймақаралық, жоо арасында аралық байланыстарды жүзеге асырады;
- жүргізілген жұмыстарды талдайды, бағалайды;
- сайтқа атқарылған жұмыс жайында мәлімет жасайды.

5.4 ЖСБ ықпал етеді:

- жиналыстар, кездесулер, дебаттар мен дискуссиялар өткізу арқылы студенттерді азаматтық қоғам жағдайында жеке және қоғамдық проблемаларды шеше алатын, құқықтық, демократиялық мемлекеттің азаматтары ретінде тәрбиелеуге;
- жиналыстар мен кездесулер ұйымдастыру және өткізу арқылы студенттердің кәсіби проблемаларды гуманитарлық құндылықтар мен


ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	ҚЕ 17-2024	
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	5-ші басылым 16 беттің 10 беті	

20.05.2024 № 121

жауапкершілікті адамгершілікті таңдау негізінде шеше алатын кәсіби білікті маман ретінде тәрбиелеуге;

- жиналыстар мен кездесулер ұйымдастыру және өткізу арқылы жастар арасында теріс әлеуметтік процестерге қарсылыққа, студенттердің ассоциалды әрекетін ығыстыруға тәрбиелеу;
- ғылыми конференцияларды ұйымдастыруға атсалысу;
- студенттердің тәрбиесінде өз мамандығына деген сүйіспеншілігін күшейтуге ықпал ету;
- білім берудің тәрбиелік қызметін жүзеге асыру үшін факультетаралық және кафедрааралық байланыстар жүйесін құру, тәрбие қызметімен айналысатын жалпыакадемиялық құрылымдармен факультеттердің байланысын нығайтуға;
- білім берудің тәрбиелік қызметін жүзеге асыруда сыртқы байланыстарды (ЖОО аралық, қалалық, аймақтық, халықаралық) нығайту жолымен академияның ашық тәрбие жүйесін құруға;
- ғылыми конференциялар мен конкурстарға, білім беру мекемелерінде білім алушыларға патриоттық тәрбие беру саласындағы кешенді оқу және арнайы бағдарламалар мен әдістемелерді жасауға қатысуға;
- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде адамгершілік және патриоттық тәрбиенің түрлері мен әдістерін дамытуға;
- оларды қолданысқа енгізу мақсатында азаматтық-патриоттық және адамгершілік тәрбие саласындағы озық жұмыс тәжірибелерді зерттеу және жинақтауға;
- патриотизм және азаматтық тәрбие бойынша көрнекі құралдар мен оқу-әдістемелік құралдар даярлау мен жариялауға;
- тәрбиелік жұмыстардың мазмұны мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында дөңгелек столдар, конференциялар, слеттер және басқа да тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастыруға;
- жастарға патриоттық және азаматтық тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыру үшін Шымкент қаласының қалалық және аудандық патриоттық тәрбие беру бағдарламаларына қатысу.

5.5. Сапа менеджмент жүйесінің талаптарын орындау.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	ҚЕ 17-2024 5-ші басылым 16 беттің 11 беті

20.05.2024 № 121

6 НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

6.1 Мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, қоғамдық-саяси шараларға және мемлекеттік рәміздерді тарату шараларына қатыстыру арқылы студенттерге патриоттық тәрбие беру деңгейін көтеру.

6.2 Жастар саясаты бойынша концепция, жоспар және басқа да іс-шараларды әзірлеп, бекіту, олардың орындалуын қадағалау.

6.3 Кафедралар мен жоо құрылымдық бөлімшелерінің тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жағдайы, оны жақсарту шаралары және жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыруы бойынша есептерін қарау.

6.4 Қарауға ұсынылған әдістемелік құралдарды тәрбие жұмысымен айналысатын құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері мен кураторларға көмекші құрал ретінде баспаға беру.

6.5 Кафедралар, оқу топтары кураторларының, студенттік клубтардың, студенттік кәсіподақ комитетінің, студенттік өзін-өзі басқару органының тәрбие саласы бойынша жеке жоспарларының іс жүзінде орындалуы мен сапасын қадағалау.


6.6 Студенттердің «ОҚМА» АҚ, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық түрлі іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.

6.7 Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен, басқа да жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынаста академияның атынан өкілеттілік ету.

6.8 Дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыратын жүйе (ереже мен жоспарлар) құру.

Осы Ереженің 4 бөлімінде көрсетілген міндеттерді орындау үшін ЖСБ келесі өкілеттіліктерге ие болады:

- өзінің өкілеттілігі шеңберінде Республикалық және Шымкент қаласының мақсатты бағдарламаларын орындауды қамтамасыз ету;
- Республика, қала аймағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекелері, қалалық мерекелер, атаулы күндерге арналған іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу;
- бөлімнің өкілеттілігіне жататын мәселелер бойынша конференциялар, семинарлар өткізіп, «ОҚМА» АҚ әкімшілігі өткізетін кеңестер мен жиналыстарға қатысу;
- бөлімнің қызметінде қолданылатын құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;


ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	ҚЕ 17-2024 5-ші басылым 16 беттің 12 беті

20.05.2024 № 121

- жастар саясаты саласы мен «ОҚМА» АҚ қоғамдық ұйымдарымен әріптестікті дамыту бойынша негізгі басымдықтар мен перспективті бағыттарды анықтау, аналитикалық материалдар мен болжамдарды даярлауды жүзеге асыру;
- жастар саясаты саласында конкурстар өткізуге қатысу;
- әріптестік жөніндегі келісімдерге сәйкес қала территориясында орналасқан жастар орталықтарының, қоғамдық бірлестіктердің, орта және жоғарғы білім беру орындарының жұмыстарына қатысу;
- бөлімнің өкілеттілігіне кіретін міндеттерді орындауда «ОҚМА» АҚ студенттік қоғамдық бірлестіктерінің жұмысына қатысу;
- студенттерге әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету шараларын жүзеге асыруға қатысу;
- студенттермен жұмысты ұйымдастыру, «ОҚМА» АҚ жастарының сауығын ұйымдастыру, әлеуметтік-тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыратын студенттік қоғамдық ұйымдардың қызметін қадағалап, дұрыс бағыттар беру;
- жастарға патриоттық тәрбие беру мәселелері бойынша іс-шараларды жүзеге асыру мен қызметінің негізгі бағыттарын анықтауға қатысу;
- студенттік өзін-өзі басқару органы сияқты қызметі жастардың проблемаларын шешуге бағытталған ұйымдардың құрылуы мен жұмыс істеуіне атсалысу;
- студенттік жастар қоғамдық ұйымдарымен әріптестік бойынша жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастыру-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету;
- студенттер мен жастар қоғамдық ұйымдарының заңдық мүдделері мен құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу, олардың қызметі мен қоғамдық-пайдалы бастамаларына қолдау көрсету;
- экстремизм, терроризм және студенттер арасындағы басқа да ассоциациялық көріністердің алдын алу мен қарсы әрекеттер, басқа ұлттардың өкілі болып табылатын студенттерге толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеу іс-шаралар жоспарының жүзеге асуын қадағалау.

7 ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1 ЖСБ қызметкерлері келесілерге құқылы:


ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	ҚЕ 17-2024	
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	5-ші басылым 16 беттің 13 беті	

20.05.2024 № 121

- «ОҚМА» АҚ басшылық органдарының ЖСБ қызметіне қатысты шешімдерінің жобасымен танысуға, олардың даярлануы мен талқылауына қатысуға;
- белсенді студенттерді марапаттауға ұсыныс беруге;
- «ОҚМА» АҚ басшылығына өзінің қызметтік міндеттерін орындауға атсалысуына өтініш білдіруге.


7.2 ЖСБ қызметкерлері төмендегілерге міндетті:

- бөлімге жүктелген жұмысты ұйымдастыруға;
- бөлім мамандарына, студенттік клубтарға, тәлімгерлер кеңесіне, студенттік өзін-өзі басқару органдарына әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетуге;
- жастар саясатының жоспарын, іс-шаралар жоспарын құруға;
- ЖСБ-нің жұмыс жағдайына анализ жасауға;
- қоғамдық-саяси, мәдени-ағартушылық және спорттық-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысуға;
- бөлімнің мамандарының, студенттік клубтардың, тәлімгерлер кеңесінің, студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмыстарына бақылау жүргізу және соған қажетті жағдай жасауға;
- «ОҚМА» АҚ-да Қазақстан Республикасының жастар саясатын жүзеге асыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- кафедралардың студенттік кеңесінің, студенттер альянсы және студенттік клубтар көшбасшыларының қызметтері мен жауапкершілік деңгейлерін анықтайды;
- жастармен жұмыс жүргізудің озық тәжірибелерін зерттейді, жинақтайды және таратады, өз қызметінің стилін, формасы және әдістерін жетілдіреді;
- бекітілген тәртіппен басқа ЖОО және мемлекеттік құрылымдармен байланыстар орнатады;
- жастардың өзін-өзі басқаруын дамытуға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға атсалысады;
- КТК командаларын құрады;
- «ОҚМА» АҚ салатанатты кештері мен мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларды ұйымдастырып, өткізеді және Шымкент қаласының мәдени-көпшілік іс-шараларына қатысады;
- «ОҚМА» АҚ студенттік кеңесінің жұмысын ағымдағы және болашақтағы жоспарлауын қамтамасыз етеді;

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	ҚЕ 17-2024 5-ші басылым 16 беттің 14 беті


20.05.2024 № 121

- қоғамдық жұмысқа студенттерді, студенттік активті тартады, олармен тәрбие жұмысын жүргізеді;
- байқаулар, көркемдік шығармашылық фестивальдар, спартакиадаларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысады;
- студенттік кеңес, студенттік ұйымдардың жұмыс жағдайларына талдау жүргізеді;
- белсенді студенттер мен ұйымдардың есебін жүргізеді;
- студенттердің денсаулығын нығайту мақсатында ұйымда көпшілікті дене шынықтыру, сауықтыру, спорттық жұмыстың жүргізілуін қамтамасыз етеді;
- студенттер мен қызметкерлерді сауықтыруда дене шынықтырудың ролін арттыру бойынша шаралар қабылдайды;
- студенттерді, қоғамдық белсенділерді жұмысқа тартып, олармен салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысын жүргізеді;
- ЖСБ есебін, перспективті және жылдық жоспарын әзірлеуге қатысады;
- салауатты өмір салты мен зиянды әдеттерді жою бойынша іс-шараларды (акциялар, дөңгелек столдар, жиналыстар, кездесулер, конференциялар) әзірлеп, жүзеге асырады;
- Қазақстан халқының денсаулығын сақтау мен жақсартуға бағытталған, мемлекеттік мақсатты кешенді бағдарламаларда көзделген дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының ендірілуіне атсалысады;
- бекітілген тәртіпке сәйкес басқа да жоо мен спорттық ұйымдармен байланыстарды дене шынықтыру кафедрасы арқылы орнатады;
- студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыруға, дене шынықтыру-сауықтыру мен профилактикалық жұмысқа бағытталған акциялар, дөңгелек столдар, жиналыстар, кездесулер, конференциялар, спартакиадалар, конкурстар, спорттық шоулар, және басқа да іс-шараларды өткізуді ұйымдастырады;
- «ОҚМА» АҚ студенттерінің салауатты өмір салты бойынша студенттік секцияларын құрады;
- «ОҚМА» АҚ студенттер үшін жақсы әлеуметтік-психологиялық жағдай қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды әзірлеп, өткізеді;
- жұмысқа студенттерді, қоғамдық белсенділерді тартады, олармен тәрбие жұмысын жүргізеді;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	ҚЕ 17-2024
Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	5-ші басылым 16 беттің 15 беті

20.05.2024 № 121

- «ОҚМА» АҚ жатақханаларындағы студенттердің өмір сүру жағдайын қадағалайды, орын алған теріс жағдайларды жою бойынша шаралар қолданады;
- жатақхананың студенттік кеңесінің жұмысын үйлестіреді, олардың жұмыс жоспарының орындалуын қадағалайды;
- студенттерге әлеуметтік көмек көрсету бойынша «ОҚМА» АҚ басшылығымен бірге жұмыс жасайды;
- мәдени-көпшілік іс-шараларды даярлау мен өткізуге іс жүзінде көмек көрсетеді;
- жалпы «ОҚМА» АҚ деңгейдегі іс-шаралар, байқаулар, көркемдік шығармашылық фестивальдардың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне қатысады;
- жетім студенттердің әлеуметтік қорғалуын үйлестіреді;
- ҰОС, Еңбек және Тыл ардагерлерімен жұмысты ұйымдастырады;
- студенттердің кәсіби-шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыратын кешенді тәрбие жұмыстары жобасы бойынша бағдарламаның әзірлеу үшін студенттік кәсіподақ комитеті, деканаттар, кафедралар мен кураторлардың бірге жұмыс жасауын үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- БАҚ көмегімен студенттердің шығармашылық жетістіктерін насихаттаумен айналысады;
- конкурстар өткізу арқылы студенттердің шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамытуға атсалысады, олардың дайындық сапасын арттырады;
- «ОҚМА» АҚ барлық құрылымдық бөлімшелерін, облыстың жетекші мамандарын, шығармашылық ұйымдарды тарта отырып, студенттердің өзіндік шығармашылық қызметіне атсалысу мен белсенді қатысуын қамтамасыз етеді;
- қол жеткізілген шығармашылық табыстарды жүзеге асыру бойынша нақты іс-шараларды жүргізу;
- сауалнамалар арқылы «ОҚМА» АҚ студенттерінің арасында діни экстремизмнің әсеріне ілігуі мүмкін топқа кіретін студенттер жайында мәліметтер жинайды;
- діни экстремизм мен терроризмге қарсы акциялар, дөңгелек столдар мен жиналыстар ұйымдастырып, өткізеді.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі	Жастар саясаты бөлімі туралы ереже	ҚЕ 17-2024 5-ші басылым 16 беттің 16 беті

20.05.2024 № 121

8 ЖАУАПКЕРШІЛІК

ЖСБ қызметкерлері келесілерге жауапты.

8.1 Осы Ережеде көрсетілген қызметтік міндеттерін дұрыс емес немесе кешіктіріп орындаған жағдайда ЖСБ меңгерушісі жауапты болып табылады.

8.2 ЖСБ қызметкерлерінің жауапкершілігі қызметтік нұсқаулықпен анықталады. ЖСБ басшысы бөлімде іс жүргізуге жауапты болып табылады.

8.3 Ішкі сапаны қамтамасыз ету стандарттарының талаптарын жауапкершілікпен орындау.

9 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАС ТӘРТІБІ

Осы Ережеде көрсетілген қызметтерін атқару мен құқықтарын жүзеге асыру үшін ЖСБ бірге жұмыс істейді:

«ОҚМА» АҚ бөлімдерімен, факультеттерімен, кафедралармен, «Денсаулық» газетінің редакциясымен, «ОҚМА» АҚ жатақханаларымен, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарымен.

10 БИБЛИОГРАФИЯ

— Білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы № 873 Қаулысы.

— Жоғары кәсіптік білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.05.2013 жылғы № 499 Қаулысы.

— «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысы.

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	17.05.2024, 19:15:54	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	20.05.2024, 10:31:02	Без замечаний	
Елеусизова Гулсара Лесовна	Проверено	17.05.2024, 12:39:01	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	20.05.2024, 09:22:40	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	17.05.2024, 15:10:34	Без замечаний	
Рысбеков Мырзабек Мырзашевич	Подписано	20.05.2024, 10:33:29	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), РЫСБЕКОВ МЫРЗАБЕК, Акционерное общество «Южно-Казахстанская
Рысбеков Мырзабек Мырзашевич	Зарегистрировано	20.05.2024, 10:33:31	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), РЫСБЕКОВ МЫРЗАБЕК, Акционерное общество «Южно-Казахстанская

